

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша
қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: “Key Transform” қоғамдық бірлестігі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Зиядаев Нурсултан Бағытжанович
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: Атырау қ., Азаттық даңғылы, 92, кв. 1, Қазақстан, +7(702) 321 3365
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): «Music Lab» жобасы, Шығармашылық музыкалық акселератор
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 1 шілде 2024 жыл - 29 қараша 2024 жыл
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 9972000 (девять миллионов девятьсот семьдесят две тысячи) тенге 0 тиын

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.

1 міндет. Шығармашылық әлеуетті ашуға, жаңа дағдыларды игеруге және өз қабілеттеріне деген сенімділікті нығайтуға ықпал ететін менторлық сүйемелдеу арқылы шығармашылық жастардың тілдерін дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыра отырып, арнайы шығармашылық кеш ұйымдастыру (кемінде 50 қатысушы).

1-іс-шара. Іріктеу кезеңі.

Жобаға атысуға арналған онлайн сауалнама 16 тамыз - 10 қыркүйек аралығында ұйымдастырылды.

- Іріктеу кезеңі онлайн форматта өтті.
- Қатысушылар вокалдық қабілеттері, сахналық харизмасы және шығармашылық мүмкіндіктері бойынша бағаланды.
- Жобаға 50 қатысушы іріктелді.

https://www.instagram.com/reel/C-vGvzyCtmj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C-2y1NDirvX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C_dUaghiavB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C_nVVG7ik9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C_stMe7C464/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C_uiHwZiyDo/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/C_uzWX6Nu5D/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2-іс-шара. Әлемдік және халық музыка индустриясын қамтитын теориялық сабақтар.

Қатысушылар үшін музыка индустриясының негізгі бағыттары бойынша теориялық сабақтар келесі тақырыптарда өткізілді:

- Дыбыс жазу студиясында жұмыс істеу: Дыбыс жазу негіздері, жазу техникасы, жабдықпен және бағдарламалық жасақтамамен жұмыс;
- Музыка жасау және мәтін жазу: Композиция, мәтін жазу, аранжировка және Музыка теориясы;
- Суретшінің қаптамасы: Брендинг, имидж, аудиториямен жұмыс, сахналық образ;
- Көпшілік алдында сөйлеу, сахна мәнері, әртістік дағдылар.

Сабақтар Атырау қаласы, Адмирал Владимирский көшесі, 6 мекен жайында өтті. Бұл жерде менторлар мен ұйымдастырушылар іріктелген қатысушылармен танысып, алдағы жоспарды да түсіндірді. Ол жерді сабақтардың өтуіне ыңғайлы екітіп, барлық қажетті құрал жабдықтармен қамтыдық. Сабақтарды өткізуге білікті мамандарды жинадық. Олар Ерсұлтан Бағытжан, Айдын Кітапқали, Ербол Сердалиев, Райымбек Каден.

https://www.instagram.com/reel/DAGQpwUCvim/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
<https://vm.tiktok.com/ZMkL9C8TR/>
https://www.instagram.com/reel/DCg0LZWCB0a/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

3-іс-шара. Практикалық сабақтар.

Әрбір қатысушы Music Lab жобасы аясында кәсіби дыбыс жазу студиясында жұмыс істеп, өздерінің авторлық әндерін жазу мүмкіндігіне ие болды. Бұл процесс бірнеше маңызды кезеңдерді қамтыды, соның ішінде әннің жанры мен стилін анықтау, мәтін жазу, музыкалық аранжировка жасау, сондай-ақ дыбыс жазу студиясында кәсіби жұмыс істеу негіздері.

Қатысушылар менторлармен бірге шығармашылық туындының әрбір бөлшегін талқылап, өздерінің идеяларын жүзеге асырды. Әндердің жанры мен стилі тек қатысушылардың шығармашылық көзқарасына ғана емес, сонымен қатар олардың аудиториясына әсер ету мақсаттарына да сәйкестендірілді. Бұл процесс әрбір қатысушыға өз ерекше стилін табуға және оны барынша толық жеткізуге көмектесті. Әрбір әнге арналған визуалды обложкалар қатысушылардың жеке стилін көрсетіп, тыңдаушылардың назарын аудару үшін мұқият дайындалды.

Қатысушылар көпшілік алдында өнер көрсету шеберлігін жетілдіру үшін арнайы сабақтар алды. Олар сахнада өзін сенімді ұстау, аудиториямен байланыс орнату, әртістік шеберлік және артист ретінде ішкі және сыртқы органиканы үйлестіру дағдыларын игерді. "Артисттің ішкі органикасы" – бұл оның сезімдерін шынайы жеткізе білуі. Бұл ішкі эмоцияларын түсінікті әрі әсерлі түрде көрерменге жеткізу шеберлігін талап етеді. Ал "сыртқы органикасы" – қимыл-қозғалыс пен дауыс арқылы әсерлі бейне жасау қабілеті. Бұл екі элементті үйлестіру арқылы қатысушылар сахнада көрермендерге терең әсер қалдыруды үйренді.

Қатысушылар сондай-ақ "жеке бренд қалыптастыру" шеберлігін меңгерді. Өнер әлемінде өзіндік орнын табу үшін әрбір артист өзінің шығармашылық стилін, құндылықтарын және мақсаттарын айқындауы қажет. Курстар барысында қатысушыларға әлеуметтік желілерде

белсенді болып, аудиториямен тұрақты байланыс орнату, имидж қалыптастыру және өз өнерін насихаттау жолдары үйретілді. Сенімділік пен креативтілік – әрбір қатысушының жеке брендінің негізіне айналды.

Жоба аясында әр алуан жанр мен стильге сай әуен жазу процесіне ерекше назар аударылды. Әрбір бағыттың ерекшелігіне сай мәтін жазылып, әнге қажетті аранжировка жасалды. Әрбір әуен мағынасына сай мәтінмен толықтырылып, тыңдаушыға әсерлі болу үшін барлық қажеттіліктер толық орындалды. Осылайша, әрбір қатысушының ерекше стиліне сәйкес келетін әдемі әрі кәсіби деңгейдегі әндер пайда болды.

Сонымен қатар, қатысушыларға "заманауи музыкалық индустрияның негіздері" таныстырылды. Бұл бөлімде музыка саласын бизнес жағынан қарастыруға ерекше назар аударылды. Қатысушыларға музыкалық индустрияның қазіргі тенденциялары, табыс көздерін анықтау, авторлық құқықтар және дистрибуцияның маңыздылығы туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар, қатысушылар музыка индустриясының тарихи дамуы мен қазіргі жағдайы туралы мәліметтер алып, болашақта шығармашылық жобаларын коммерциялық тұрғыда тиімді іске асыруға мүмкіндік беретін дағдыларды меңгерді.

https://www.instagram.com/reel/DCiugwYiVHq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DCnxiATH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DDHku2BiyKg/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DByp8TwC_el/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DBJmOnSCToD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DCpDb3DigbD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2-міндет. Фестивальде өнер көрсететін шығармашыл жас орындаушыларға кастинг өткізіп, шығармашылық 10 топ құру.

1-іс-шара. Медиа мазмұн.

Практика барысында қатысушылар әндерінің барлық элементтерін жазып, шығармашылығын аяқтады. Содан кейін командасы әндерді аудиторияға таныстыру үшін арнайы контенттер дайындап, оларды әлеуметтік желілерде (TikTok, Instagram, YouTube) тарату жұмыстарын жүргізді. Контент қысқа бейнероликтер, жазбалар, қызықты сәттер мен аудиториямен қарым-қатынас нығайтуға арналған материалдардан тұрды.

2-іс-шара. Шығарылым кезеңі.

Жоба барысында қатысушылар әрбір әннің бағыты мен жанрын анықтап, мәтінін жазып, шығармашылық идеяларын толық жүзеге асырды. Әндерді жазу барысында түрлі музыкалық аспаптар қолданылып, аранжировка жасалды. Әрбір қатысушы кәсіби дыбыс жазу студиясында сапалы дауыс жазу жұмыстарын жүргізіп, соңында барлық элементтерді біріктіріп, дыбыс өңдеу процестері арқылы дайын өнімге қол жеткізді.

Жазылған әндер дистрибуция арқылы әлемнің түкпір-түкпіріндегі тыңдаушыларға қолжетімді болды. Біз дистрибуциялық компанияның көмегімен авторлық әндерді Apple Music, Spotify, Яндекс Музыка, YouTube Music сынды ірі музыкалық платформаларға жүктедік.

Авторлық әндер:

<https://disk.yandex.ru/d/MSVFY34Hpsm9HQ>

Музыкалық бейнероликтер:

<https://youtube.com/playlist?list=PL1aj0vlQhpqi4Y9PClao0K7q3szURcPOO&si=cv4kNGnflM8oRNG->

- <https://bfan.link/dzhaz>
- <https://bfan.link/amanat>
- <https://bfan.link/ayaldama-1>
- <https://bfan.link/nege-7>
- <https://bfan.link/sama-8>
- <https://bfan.link/tunde>
- <https://bfan.link/ai-7>
- <https://bfan.link/ana-4>
- <https://bfan.link/24-18>
- <https://bfan.link/aq-adalyim>
- <https://bfan.link/sezim-2>

3-іс-шара. Шағын концерт.

Жоба қатысушыларының сахнадағы тәжірибесін арттыру және теориялық-практикалық сабақтардан алған білімдерін қолдануға мүмкіндік беру үшін шағын концерттер ұйымдастырылды. Бұл концерттер жас орындаушыларға өздерінің авторлық әндерін тыңдармандар мен көрермендер алдында орындап, сахнада өздерін еркін ұстауға және аудиториямен байланыс орнатуға көмектесті. Сонымен қатар, концерттер қатысушылардың әлеуметтік желілеріне визуалды және мазмұндық материал жинауға мүмкіндік беріп, олардың шығармашылықтарын кең аудиторияға таныстыруға ықпал етті.

Оған қоса, жоба аясында қатысушыларға қалалық және облыстық деңгейдегі мәдени іс-шаралардың сахнасына шығу мүмкіндігі берілді. Бұл олардың өнерлерін кеңірек аудиторияға танытуға, кәсіби сахналық тәжірибе жинақтауға және болашақта үлкен сахналарға шығуға дайындалуға мүмкіндік берді. Мұндай іс-шаралар қатысушылардың шығармашылықтарын дамытып қана қоймай, олардың өнер әлеміндегі өзіндік орындарын табуына серпін берді. https://www.instagram.com/p/DBEtKzRIZC6/?utm_source=ig_web_copy_link

Нақты шаралар:

- 12 қазан күні Құлсары қаласының 85 жылдығына орай ұйымдастырылған “Salem, Zhylyoi” музыкалық кешінде жоба қатысушылары өнер көрсету мүмкіндігін алды. Бұл кеште қатысушылар өз таланттарын үлкен аудиторияға танытуға мүмкіндік алды.
- 10 қараша күні Республикалық деңгейдегі «Абай кеші» қайырымдылық балында жоба қатысушылары сахнаға шығып, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Мұндай деңгейдегі шарада өнер көрсету қатысушыларға ерекше тәжірибе мен шабыт берді.
- 24 қазан күні Республикалық кітапханашылар күніне арналған шарада, Ғ.Сланов атындағы Атырау облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында, қатысушылар өз өнерлерін ортаға салды. Бұл шарада шығармашылықты қолдауға бағытталған ерекше атмосфера қалыптасты.
- Шағын ашық микрофон кавер концерттері ұйымдастырылды, бұл қатысушыларға еркін форматта өз өнерлерін көрсетуге және аудиториямен тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік берді.

4-іс-шара. Жанкүйерлермен кездесу / шеберлік сыныптар

Жалпы сабақтардан бөлек, жоба аясында қатысушыларға арналған арнайы кездесулер мен шеберлік сабақтары ұйымдастырылды. Бұл кездесулер шығармашылық орта қалыптастыруға және қатысушылардың өзара қарым-қатынасын нығайтуға бағытталды. Қатысушылар қызықты мамандармен кездесіп, олардан тәжірибе мен кеңес алды. Бұл кездесулер шығармашылық саланың түрлі қырларын түсінуге, өз өнерлерін жаңа деңгейге көтеруге және шығармашылық жолдарын дұрыс жоспарлауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, қатысушылар арасында пікір алмасу сағаттары ұйымдастырылып, өз идеялары мен ойларымен бөлісуге жағдай жасалды. Бұл шаралар қатысушылардың бір-бірінен үйренуіне, жаңа идеялар мен жобаларға шабыт алуына көмектесті. Командалық рухты нығайту мақсатында арнайы тимбилдинг шаралары өткізіліп, қатысушылардың бір-біріне қолдау көрсетуін және топтық жұмысқа бейімделуін арттырды. Мұндай кездесулер қатысушыларға тек шығармашылық қана емес, сондай-ақ командалық жұмыс дағдыларын да дамытуға ықпал етті.

5-іс-шара. Театрландырылған шығармашылық жастардың тілдерін дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыра отырып, арнайы шығармашылық поэзия кешін ұйымдастыру.

Музыка мен махаббаттың үйлесімі аясында жоба қатысушыларының өнерімен ұйымдастырылған ерекше поэзия кеші үлкен жетістікпен өтті. Бұл шараның басты мақсаты – қатысушылардың сахнадағы өзін-өзі ұстау дағдыларын, аудиториямен байланыс орнату қабілеттерін және шығармашылық дамуын тексеру болды.

Шараға Махамбет атындағы Атырау облыстық академиялық қазақ драма театрының актерлары қолдау көрсетіп, кештің мәдени деңгейін одан әрі арттырды. Әр қатысушы сахнада қазақ әдебиетінің танымал поэзиялық туындыларын оқып, соларға сай тақырыптық әндер орындады. Кейбір қатысушылар өз басынан кешкен махаббат тарихтарымен бөлісіп, көрермендерді терең әсерге бөлеп, кештің эмоциялық әсерін арттырды.

Кеш жылы атмосферада өтті. Махаббатқа толы әуендер, жүректі тебірентер поэзия шумақтары және жас таланттардың шынайы өнерлері кешке келген көрермендердің жүрегін баурап алды. Бұл кеш жобаның маңызды бөлігі ретінде ғана емес, сондай-ақ шығармашылық қатысушылардың қабілеттерін ашып көрсету үшін тамаша мүмкіндік болды. Шараның үлкен табысы қатысушыларға шабыт беріп, жобаның қоғамдық маңыздылығын арттыра түсті.

<https://vm.tiktok.com/ZMkRs3uFC/>

<https://vm.tiktok.com/ZMkRsVJ42/>

<https://www.instagram.com/p/DCuEgu8iXWw/>

https://www.instagram.com/p/DCuE-zxghWp/?img_index=1

3-міндет. Атырау облысында шығармашыл жастардың фестивалін өткізу, онда жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды ынталандыру және сахнада өнер көрсету дағдыларын және өзін-өзі дамытудың басқа да аспектілерін нығайту мақсатында музыкалық қойылымдармен, би нөмірлерімен, аспаптарда ойнаумен және т.б. өңірдің жас орындаушыларының шығармашылығы көрсетілетін болады (кемінде 10 қойылым).

1-іс-шара. Финалдық концерт-фестиваль.

Барлық сабақтар мен практикалық жұмыстардың қорытындысы ретінде Music Lab жобасының аясында үлкен музыкалық фестиваль ұйымдастырылды. Бұл фестиваль қатысушылар үшін шығармашылық шыңдалудың шарықтау сәті әрі жоба жұмысын аяқтаған маңызды шара болды.

Фестивальдің ерекшеліктері:

- Шараға жоба қатысушыларымен қатар, 2023 жылғы Music Lab жобасының қатысушылары, Kilen Creative Hub-тың жергілікті артисттері, және Қазақстан эстрадасының танымал жұлдыздары қатысты. Бұл кеште жас таланттар мен кәсіби орындаушылар бір сахнада өнер көрсетіп, еекше тәжірибе алмасты.
- Фестиваль барысында қатысушылар үлкен сахнада өнер көрсетіп, техникалық жабдықтармен жұмыс істеу, концерт режиссерімен және би топтарымен ынтымақтастық орнату сияқты кәсіби дағдыларды меңгерді. Бұл олардың шығармашылық жолында маңызды тәжірибе болды.

Бұл шара тек жоба қатысушылары үшін емес, сондай-ақ өңірдегі шығармашылық орта үшін ерекше оқиға болды. Шара заманауи форматта ұйымдастырылып, көрермендердің қызығушылығын оятып, жастар арасында есте қаларлықтай әсер қалдырды. Music Lab жобасының қатысушылары осы фестиваль арқылы кәсіби сахнада өнер көрсету, сахна артындағы процестермен танысу және үлкен аудитория алдында өнер көрсету тәжірибесін меңгерді.

Бұл музыкалық фестиваль өңірдегі ең ауқымды және есте қаларлық шаралардың біріне айналды. Шараның табысты өтуі Kilen Creative Hub-тың 3 жылдығына орай ұйымдастырылып, үлкен қолдауға ие болды. Жоба қатысушылары өз таланттарын көрсетіп қана қоймай, болашақ шығармашылық жолына сенімді қадам жасады. Бұл фестиваль олардың жұлдызын жағуға және үлкен аудиторияға танылуға ерекше ықпал етті. https://www.instagram.com/p/DC63cWmoMye/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DCzEGOTIKKQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DC7Gq9RILgP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/reel/DC8fjhlovnQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
https://www.instagram.com/p/DC4QfFhifow/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==
<https://youtu.be/1g3tD7VnZME?si=kbMfQVQNE DhI7Q73>

Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы.

Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс.

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:	Дарынды жастардың шығармашылығын дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау
-------------------------	--

Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:		100-ден астам өтініш кастингке қатысу үшін қабылданды. - Жобаға қатысу анкетасы туралы жарияланымдар 50 000-нан астам қаралым қамтыды. 50 үміткер кастингтен іріктелді. 12 қатысушы жобаға өтіп, 10 қатысушы финалына дейін жетті. 10 жаңа шығармашылық топ құрылды. - Әр түрлі бағытта 4 білікті ментор тағайындалды. 10 авторлық ән жазылып, әлемдік музыкалық платформаларға жарияланды. - Графикалық дизайнермен бірге жобаға қатысушылардың әндеріне арналған 10 мұқабаны әзірленді. - Әр жоба қатысушыларына әлеуметтік желілеріне кемінде 1, жалпы 10 музыкалық контент жасалды. - Жобада 40-тан астам жергілікті жас маман тартылды. 600-ден астам көрермен қатысқан, 50-ге жуық қойылыммен шығармашыл жастардың фестивалі ұйымдастырылды. - Жоба аясында кемінде 50 қатысушыны қамтыған 5 шағын концерт және 1 театралдандырылға поэзиялық кеш өткізілді. - Қатысушыларға арналған 5 мастер-класс (немесе вебинарлар, кездесулер, басқосу кештері) ұйымдастырылды.							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
							жоспар	факт	
Шығармашылық әлеуетті ашуға, жаңа дағдыларды игеруге және өз қабілеттерін е деген сенімділікті нығайтуға ықпал ететін менторлық сүйемелдеу арқылы шығармашы	Іріктеу кезеңі	16 тамыз - 10 қыркүйек	Онлайн түрде Google forms платформасында жинақталып, әлеуметтік желілер арқылы таратылды	100	100-ден астам өтінім жиналды. 50 қатысушы іріктеліп, жобаның негізгі қатысушылары анықталды. Қатысушылардың қабілеттері мен шығармашылық әлеуеттері бағаланды.	Тапсырыс берушімен іріктеу кезеңі туралы әлеуметтік желідегі хабарландыру 18-30 жас аралығындағы барлық жастары үшін арнайы сауалнама	1	7 1	Жастардың шығармашылық әлеуетін ашу және дамыту ұзақ мерзімді перспективада жаңа таланттардың қалыптасуына ықпал етеді. Менторлық сүйемелдеу жастарды кәсіби деңгейде жұмыс істеуге және өз қабілеттерін сенімді түрде

лық жастардың тілдерін дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыра отырып, арнайы шығармашылық кеш ұйымдастыру (кемінде 50 қатысушы);						Үміткерлердің бейнелерінің (хэштегімен) әлеуметтік желілердегі жарияланымдары	100	100	көрсетуге дайындайды. Өнер саласындағы шығармашылық орта нығайтып, жастарға шабыт пен қолдау көрсету жүйесі қалыптасады. Шығармашылық кештер шығармашыл жастардың тәжірибе жинақтап, өз дағдыларын дамытуға және жаңа аудитория табуға мүмкіндік береді. Қатысушылардың ішінен болашақта кәсіби сахнаға шығатын, аймақтық және республикалық деңгейде танымал болатын таланттар анықталады.
						Іріктелген жастар саны, тізімі	50	50	
						Іріктеу комиссиясы құрамының тізімі	1	1	
						Іріктеу хаттамасы	1	1	
	Әлемдік және халық музыка индустриясын қамтит	13, 14, 15 қыркүйек	Атырау қаласы Адмирал Владимирск ий көшесі, 6	50	Қатысушылар музыканың құрылымы, мәтін жазу әдістері және жанрлық ерекшеліктер	Тапсырыс берушімен келісілген теориялық сабақтар саны мен бағдарламасы,	1	1	

	ын теориял ық сабақта р				туралы теориялық білім алды. Заманауи музыкалық индустрияның талаптары және мүмкіндіктері туралы толық түсінік қалыптасты. Қатысушыларды ң музыкалық білім деңгейлері артты.	дәріскерлер мен менторлар Білімді тексеру қорытындысы Дәріскерлер мен менторлар тізімі, құжаты Емтихан қорытындылары Пікір Қатысушылар саны/тізімі Фото/бейне есеп Әлеуметтік желідегі жарияланым	1 1 1 3 50/1 5/1 3	1 1 1 11 50/1 5/1 3	
	Практи калық сабақта р	Қыркүйе к - қараша	Атырау қаласы Адмирал Владимирск ий көшесі, 6	11	Әр қатысушы өз авторлық әнін жасау процесін меңгерді. Ән жазу, мәтін жазу,	Тапсырыс берушімен келісілген практикалық сабақтар саны мен	1	1	

			Атырау қаласы Азаттық даңғылы, 42 Атырау қаласы Момышұлы көшесі, 1		аранжировка және студиялық жұмыс дағдылары жетілдірілді. Қатысушылар командалық жұмыс және шығармашылық ынтымақтастық тәжірибесін алды.	бағдарламасы, дәріскерлер мен тәлімгерлер Тапсырыс берушімен келісілген оқу курсының бағдарламасы қамтитын бағыттары: -Дыбыс жазу студиясында жұмыс істеу: Дыбыс жазу негіздері, жазу техникасы, жабдықпен және бағдарламалық жасақтамамен жұмыс. -Музыка жасау және мәтін жазу: Композиция, мәтін жазу, аранжировка және Музыка теориясы. -Суретшінің қаптамасы:	1	1	
--	--	--	--	--	--	--	---	---	--

						Брендинг, имидж, аудиториямен жұмыс, сахналық образ. -Көпшілік алдында сөйлеу, сахна мәнері, әртістік дағдылар. Дәріскерлер мен тәлімгерлер тізімі, құжаты Тапсырмалар мен жобалар қорытындылары Пікір Қатысушылар саны, тізімі Әртістерді даярлау бойынша әдістеме Фото/бейнеесеп	1 (4 ментор) 1 5 50/1 1	1 (4 ментор) 1 11 50/1 1	
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

						Әлеуметтік желідегі жарияланым	8/1 3	8/1 6	
Фестивальде өнер көрсететін шығармашы лар жас орындаушы ларға кастинг өткізіп, шығармашы лық 10 топ құру	Медиа мазмұн	Қыркүйе к - қараша	Атырау қаласы Адмирал Владимирск ий көшесі, 6 Атырау қаласы Азаттық даңғылы, 42 Атырау қаласы Момышұлы көшесі, 1	11	Қатысушыларды ң өнерін насихаттау үшін бейнемазмұндар жасалды. Әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларда жарияланатын музыкалық бейнероликтер дайындалды. Жобаның танымалдылығы н арттыру мақсатында контент жоспарлары құрылып, жүзеге асырылды.	Тапсырыс берушімен келісілген менторлар Авторлық әндер Музыкалық бейнероликтер Топ саны, тізімі Пікір Фото/бейнеесеп Әлеуметтік желідегі жарияланым	4 10 10 10/1 10 6 10	4 11 11 11 11 6 11	Әрбір жас талант үшін топта жұмыс жасау тәжірибесі командалық жұмысты, коммуникацияны және шығармашылық ынтымақтастықты дамытады. Құрылатын топтар облыстық және республикалық деңгейде жаңа шығармашылық ұжымдар ретінде танылуға мүмкіндік алады. Бұл топтар ұзақ мерзімді перспективада жаңа музыкалық шығармаларды, бейнебаяндарды және қойылымдарды жасау арқылы аймақтық мәдениетті дамытуға үлес қосады.

									Топ мүшелерінің алған тәжірибесі олардың шығармашылық салаларда кәсіби маман ретінде дамуына жол ашады. Кастинг жүйесінің арқасында талантты жастардың анықталуы оларды әрі қарай дамытуға бағытталған жаңа жобаларды іске қосуға негіз болады.
	Шығарылым кезеңі	Қараша	YouTube, Instagram, TikTok пен музыкалық платформалар	11	Қатысушылардың авторлық әндері өңделіп, әлемдік музыкалық платформаларға (Apple Music, Spotify, YouTube Music) жүктелді. Әрбір әнге арнайы мұқабалар жасалды. Қатысушылардың әндері кәсіби дистрибуция арқылы	Тапсырыс берушінің келісілген дайын ән мен бейнероликтерді жариялау YouTube, Instagram, TikTok пен музыкалық платформаларда және әлемдік музыкалық агрегаторлардағы жарияланымдар Топ саны, тізімі	10 10 10/1	11 11 11/1	

					халықаралық тыңдармандарға ұсынылды.	Бейнепікір Фото/бейнеесеп Графикалық дизайнермен жасалған мұқаба Әлеуметтік желідегі және БАҚтағы жарияланым	3 5 10 2	3 5 10 2	
	Шағын концерт	Қыркүйе к - қараша	Атырау қаласы Адмирал Владимирск ий көшесі, 6	100	Қатысушыларды ң шағын концерттерде өнер көрсетуіне мүмкіндік берілді. Концерттер 100- ден астам көрерменнің қатысуымен өтті. Қатысушыларды ң сахналық тәжірибелері мен аудиториямен байланыс жасау дағдылары артты.	Шағын концерт авторлық ән орындаушыларды ң әлеуметтік желідегі жарияланымдар топтамасы Тапсырыс берушімен келісілген шаралар жоспары, бағдарламасы Шағын концерт саны Қатысушылар саны	10 1 әр шараға 5 50	11 1 әр шараға 5 50	

						Шығармашылық нөмерлері саны	10	11	
						Топ саны, тізімі	10/1	11/1	
						Пікір	2	11	
						Фото/бейнеесеп	5/1 әр шараға 1 әр шараға	5/1 1 әр шараға	
						Әлеуметтік желідегі жарияланым			
	Жанкүйерлермен кездесу / шеберлік сыныптар	Қыркүйек - қараша	Атырау қаласы Адмирал Владимирский көшесі, 6	50	Қатысушылар жанкүйерлерімен кездесу өткізіп, кері байланыс алды. Шеберлік сыныптар арқылы аудиториямен тікелей қарым-қатынас орнату мүмкіндігіне ие болды. Қатысушылардың шығармашылық тәжірибелерімен бөлісу дағдылары дамыды.	Жанкүйерлермен кездесу, шеберлік сыныптардан авторлық ән орындаушылардың әлеуметтік желідегі жарияланымдар топтамасы	10	11	
						Шара саны	5	5	
						Тапсырыс берушімен келісілген шаралар жоспары, бағдарламасы	1 әр шараға	1	
						Шығармашылық нөмерлері саны	10		

						Топ саны, тізімі	10/1	11 11/1	
						Пікір	2	11	
						Фото/бейнеесеп	5/1 әр шараға	5/1	
						Әлеуметтік желідегі жарияланым	1 әр шараға	1 әр шараға	
	Театрландырылған шығармашылық жастардың тілдерін дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыра отырып, арнайы шығармашылық поэзия кешін ұйымдастыру.	22 қараша	Атырау қаласы Құрманғазы көшесі, 12 YEMAA арт орталығы	98	Поэзия мен музыка синтезінде ерекше кеш өтті. Қатысушылар сахнада өз өнерлерін көрсетіп, сахналық тәжірибе жинақтады. 100-ге жуық көрермен қатысып, кеш жылы қабылданды.	Тапсырыс берушімен келісілген кеш жоспары, бағдарламасы Шығармашылық нөмерлері (қатысушылар музыкалық қойылымдарды, өлең оқуды және басқа да шығармашылық қойылымдар) саны Топ саны, тізімі Қатысушы саны Пікір	1 10 10/1 50 2	1 31 11/1 98 11 7/1	

						Фото/бейнеесеп	5/1		
						Әлеуметтік желідегі (YouTube, Instagram, TikTok пен барлық музыкалық платформаларда) жарияланым	10	10	
Атырау облысында шығармашы л жастардың фестивалін өткізу, онда жастардың шығармашы лық әлеуетін дамытуды ынталандыру және сахнада өнер көрсету дағдыларын және өзін-өзі дамытудың басқа да аспектілерін нығайту мақсатында музыкалық қойылымдармен, би нөмірлеріме	Финалдық концерт-фестиваль	1 желтоқсан	Атырау қаласы Әбілқайыр хан даңғылы, 72 Көрме орталығы	-	Финалдық шараға 100-ден астам көрермен жиналды. Қатысушылар үлкен сахнада өнер көрсетіп, кәсіби жарық және дыбыстық жабдықтармен жұмыс жасау тәжірибесін алды. Әр қатысушының әні LED экрандар арқылы көрерменге таныстырылды. 50-ден астам шығармашылық номер қойылды, оның ішінде би қойылымдары,	Тапсырыс берушімен келісілген кеш жоспары, бағдарламасы Шығармашылық нөмірлері саны (авторлық әндер, би нөмірлері, аспаптық шығармалар және басқа да шығармашылық нөмірлер бар қойылымдар бар) Қатысушылар мен көрермендер саны Қатысушыларды марапаттау	1 10 100 10 қатысушы	1 21 100 11	Фестиваль жастарға өз өнерлерін көпшілікке көрсетуге мүмкіндік беріп, шығармашылықты дамытудың жаңа деңгейін ашады. Өңірдегі мәдени белсенділікті арттыра отырып, жастар арасындағы шығармашылықты қолдайтын жаңа аудитория қалыптасады. Фестиваль қатысушыларды әрі қарай кәсіби сахнаға шығуға, шығармашылық идеяларын жүзеге асыруға шабыттандырады.

н, аспаптарда ойнаумен және т.б. өңірдің жас орындаушы ларының шығармашы лығы көрсетілетін болады (кемі нде 10 қойылым).					аспаптық өнер және музыкалық қойылымдар.	Пікір Фото/бейнеесеп Әлеуметтік желідегі жарияланым	2 5/1 3	11 26/1 6	Жобаның ұзақ мерзімді әсері ретінде аймақтағы мәдени орта нығайып, жас таланттардың шығармашылық дамуына тұрақты қолдау көрсетіледі. Әр қатысушының фестивальде алған тәжірибесі олардың болашақта шығармашылық мансабын дамытып, өнер саласында жетістікке жетуіне ықпал етеді. Фестиваль Атырау облысының креативті индустрия саласындағы беделін көтеріп, өңірді шығармашылық орталыққа айналдыруға мүмкіндік береді.
Шарт талаптарын а сәйкес жоба нәтижелеріні	1. Жобаны ң жабылу ы	Шілде – қараша, 2024 жыл			Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды	Презентация БАҚ пен	1 2	1 2	

ң қорытынды жария презентация сы					жария презентациясы жүргізілді.	әлеуметтік желіге жарияланым			
Шарт талаптарын а сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс	1. Жобаны ң бастау алуы	Шілде – қараша, 2024 жыл			Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс жүргізілді.	Презентация	1	1	
	2. Жоба барысы	Шілде – қараша, 2024 жыл				БАҚ пен әлеуметтік желіге жарияланым	2	2	
						Пре/пост сауалнама	1	1	
						Сауалнама қорытындысы	Қанағатт ану деңгейі 80%	Қанаға ттану деңгей і 93,36%	
						Контент жоспар			
						БАҚ пен әлеуметтік желіге жарияланған бейнероликтер	1 10	1 10	
						БАҚ пен әлеуметтік желіге жарияланған хабарландырулар	5	5	
						БАҚ пен әлеуметтік желіге жарияланған	10	10	

						ұйымдастырушылардың, тәлімгерлердің, жоба қатысушыларының сұқбаттары Жобаны іргерлету үшін тартылған блогер парақшасы YouTube, Instagram, TikTok пен барлық музыкалық платформаларда және әлемдік музыкалық агрегаторлардағы жарияланымдар Дайджест (жоба барысындағы барлық жарияланымдардың сілтемелері мен скриндары)	1-ден кем емес 5-тен кем емес таралым каналы 1	1-ден кем емес 5-тен кем емес таралым каналы 1	
--	--	--	--	--	--	--	---	---	--

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі: жобалардың нәтижелері жоспарға сәйкес келеді, ауытқулар анықталған жоқ.

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	10	11

2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	1 000	2 470
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	1	1
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	4	4
5.	Қамтылған ҰЕҰ саны	ұйым	0	0
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	1 689 540	1 689 540
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	88 782.544	88 782.544
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	8 197 000	8 197 000
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	3	3

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):

Атырау облысында мемлекеттік тілде өнер көрсететін жастар шығармашылық топтарының орындаушылар саны ұлғайтылды, 11 орындаушы топ құрылды.

Шығармашылық әлеуетті ашып, дағдыларды меңгеруге және сенімділікті нығайтуға ықпал ететін менторлық сүйемелдеу арқылы шығармашылық жастардың тілдерін дамыту үшін арнайы кеш ұйымдастырылды.

Фестивальде өнер көрсететін жас орындаушыларға кастинг жүргізіліп, 11 топ құрылды;

Атырау облысында шығармашылық жастардың фестивалі өтті, онда жастардың шығармашылық әлеуеті дамып, сахнада өнер көрсету дағдылары мен өзін-өзі дамыту нығайтылды.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

Жоба басталғанға дейін Атырау облысының шығармашыл жастары өздерінің авторлық әндерін жазуға, үлкен сахнада өнер көрсетуге мүмкіндік ала алмаған еді. Көпшілігі ән жазу процесі мен музыкалық индустрия негіздерін білмеді, ал кейбіреулері бұл туралы ойланбаған да болатын. Сонымен қатар, сахна алдындағы қорқыныш пен өз-өзіне деген сенімсіздік көптеген жас таланттарға өз қабілеттерін ашуға кедергі келтіріп отырды.

Жобаға қатысқан жастардың бірі өз өмірін музыкамен байланыстырғысы келмеген еді, себебі бұл салаға ата-анасының ықпалымен келген болатын. Жоба барысында ол шығармашылықтың мәнін түсініп, музыкаға деген шынайы қызығушылығы мен махаббатын ашты. Енді ол өз өмірін өнермен байланыстыруды жоспарлап жүр. Тағы бір қатысушы өз идеяларын көпшілікпен бөлісуге ұялатын болса, енді бірі сахнадан қорқатын. Жоба барысында олар шығармашылық процеске терең еніп, үлкен сахнада өнер көрсету арқылы өз қорқыныштарын жеңіп, өзіне деген сенімділікті арттырды.

Жоба қатысушылары авторлық әндер жазып, оны музыкалық платформаларға жүктеп, үлкен аудиторияға таныстыра алды. Кейбіреулері сахнада өзін еркін ұстап, нағыз артист ретінде танылды. Жоба олардың болашаққа деген көзқарасын түбегейлі өзгертті. Бір қатысушы былай деп бөлісті: «Мен сахнадан қатты қорқатын едім. Бірақ жобаның арқасында бұл қорқынышты жеңіп, өнерімді ашық көрсетуге үйрендім. Енді сахна мен үшін жай ғана орын емес, шабыт беретін алаңға айналды».

Жоба жастардың шығармашылық әлеуетін ашып, олардың өмірінде айтарлықтай өзгеріс әкелді. Жобаға қатысушылар енді өздерін өнер жолында сенімді әрі табысты сезінеді. Бұл олардың жеке дамуына ғана емес, өңірдегі шығармашылық индустрияны нығайтуға да үлес қосты.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
11	6	5

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
11	0	11	2	0	0	0	0	0	0	9

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
------------------------------------	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------	-----------	-------------------------

11	0	6	4	1	0	0	0
----	---	---	---	---	---	---	---

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

- *көрсетілген насаналы топтардың жобаны іске асыру барысында (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық қозғалыстарды сипаттай отырып) алған нақты нәтижелері:*

Қатысушылардың шығармашылық деңгейі: Жоба аясында қатысушылардың музыкалық қабілеттері айтарлықтай артты. 50 қатысушының барлығы өздерінің авторлық әндерін жазып, музыкалық шығармашылықтарын көрсетті. Сабақтар мен шеберлік сыныптары барысында олар сахнада өнер көрсету дағдыларын меңгеріп, кәсіби деңгейде ән айту мен музыка жазу үрдісіне еніп, өздерінің стилін анықтады.

Жастардың әлеуметтік белсенділігі: Жобаға қатысушылар әлеуметтік желілерде белсенді контент жариялап, өз шығармашылық туындыларын жариялау арқылы қоғамға өздерінің шығармашылық қабілеттерін танытты. Бұл жастардың өздерін дамытуға деген ынтасын арттырды және олардың әлеуметтік белсенділігін жоғарылатты.

Қатысушылардың музыкалық платформаларға қолжетімділігі: Дистрибуция жүйесі арқылы қатысушылардың авторлық әндері Spotify, Apple Music, Яндекс Музыка, YouTube Music сияқты платформаларға жүктеліп, кең аудиторияға таралды. Бұл жастар үшін жаңа мүмкіндіктер туғызды және олардың музыка индустриясындағы беделін арттыруға ықпал етті.

- *жобаны іске асыру барысында шешілуге тиісті проблемаға жобаның ұзақмерзімді ықпалы (жобадан туындаған осы немесе өзге саладағы болжамды оң/жағымсыз өзгерістерді негіздеу):*

Жастар арасындағы шығармашылық индустрияға деген қызығушылықтың артуы: Жоба жастардың музыка индустриясымен танысуына және шығармашылықты дамытуға мүмкіндік берді. Ұзақ мерзімде бұл салаға қызығушылық танытатын жастар саны артып, музыка және өнер индустриясына жаңашыл көзқарас қалыптасады.

Әлеуметтік теңсіздікті азайту: Жоба жастарды тең мүмкіндіктермен қамтамасыз ету арқылы, әсіресе шығармашылық саласында әлеуметтік теңсіздікті азайтуға ықпал етеді. Бұл бағытта оң өзгерістер туындап, жас таланттардың шығармашылық жетістіктерін мойындау үрдісі күшейеді.

Кәсіби мамандардың көбейуі: Жоба қатысушылары мен олардың шығармашылық туындылары кәсіби түрде бағаланып, салаға жаңадан мамандар қосылады. Бұл оң өзгерістерді уақыт өте келе көруге болады, өйткені өнер мен мәдениет саласында жаңа мамандардың көбеюі маңызды.

- *Іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:*

Жастардың кәсіби дамуына ықпал ету: Жоба жастардың кәсіби деңгейін көтеруге, олардың музыкалық білімдерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, жоба жастарға жұмыс табуға немесе өздерінің шығармашылық ісін бастауға мүмкіндік бере отырып, еңбек нарығында жаңа мамандарды дайындауға ықпал етеді.

Шығармашылық индустриясының дамуы: Жоба арқылы музыкалық шығармашылық пен өнерге қатысты жаңа жобалар мен бастамалар пайда болады, бұл музыкалық индустрияның дамуына ықпал етеді. Өз кезегінде, бұл экономикаға қосымша құн әкеледі, жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік интеграция: Жоба қатысушылары әлеуметтік желілер арқылы өз туындыларын жариялап, кеңінен таратуға мүмкіндік алды. Бұл жастар арасында өз-өзіне сенімділікті арттырып, әлеуметтік интеграцияны жақсартады. Сонымен қатар, жоба жастар арасында креативтілік пен өз-өзіне деген сенімділікті арттырады.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында жергілікті серіктестер мен билік органдарының қолдауы маңызды рөл атқарды. Олардың көмегі жобаның сәтті өтуіне және оның ауқымын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Серіктестердің қолдауы:

- **Yemaa Art Space** жобаны қолдап, өзінің ғимаратында шаралар өткізуге мүмкіндік берді. Бұл шығармашылық жастардың еркін әрі жайлы ортада өз өнерлерін көрсетуіне жағдай жасады.
- **Жергілікті шаралардың ұйымдастырушылары мен қоғамдық бірлестіктері** жобаның қатысушыларына өз іс-шараларында өнер көрсетуге мүмкіндік берді. Бұл олардың шығармашылықтарын кең аудиторияға танытуға және сахналық тәжірибе жинақтауға септігін тигізді.

Билік органдарының қолдауы:

- **Полиция департаменті, Төтенше жағдайлар қызметі және Денсаулық сақтау басқармасы** концерттік шаралар кезінде қауіпсіздік пен медициналық көмекті қамтамасыз етті. Бұл үлкен іс-шараларда халықтың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауда маңызды болды.
- **Қалалық әкімшілік** халықпен жұмыс жасау барысында ұйымдастыру және ақпараттық қолдау көрсетіп, жобаның танымал болуына ықпал етті.

Серіктестер мен билік органдарының қолдауы жобаға келесі жағынан көмектесті:

- Шараларды өткізуге арналған алаңдар мен техникалық мүмкіндіктер ұсыну;
- Жергілікті және облыстық деңгейдегі аудиторияға қолжетімділік беру;
- Қатысушыларға өз өнерлерін танытуға, тәжірибе жинауға мүмкіндік жасау;
- Халықтың қауіпсіздігін және іс-шаралардың жоғары деңгейде ұйымдастырылуын қамтамасыз ету.

Бұл серіктестік жобаны жүзеге асыруда жаңа мүмкіндіктерді ашып, болашақта ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға жол көрсетті. Әсіресе, жергілікті бизнес пен ұйымдардың қолдауы шығармашылық индустрияны дамытуға үлкен үлес қосты. Алдағы уақытта осы серіктестермен қарым-қатынасты жалғастырып, оларды жаңа жобаларға тарту жоспарлануда. Сонымен қатар, жаңа серіктестерді іздеу және тарту арқылы жобаның ауқымын кеңейтіп, оның тұрақтылығын қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жоюадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
YEMAA art space	Поэзия кешін ұйымдастыруға ғимарат ұсынды	+7 705 792 3310	
Атырау қала әкімдігі / Билік органдары	Концерттік шаралар кезінде қауіпсіздік пен медициналық көмекті қамтамасыз етті. Бұл үлкен іс-шараларда халықтың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауда маңызды болды	8 (7122) 354-092. Email, obl.akimat@atyrau.gov.kz	
Jaiyq corp.	Концерттік шараларымызды ұйымдастыру барысында режиссерлік көмек.	+7 702 772 6944	
Baha west fest	Масштабты шараларымыды үлкен техникалық жабдықтау	+7 700 616 4096	
Bizdin bala	Медиа партнер	+7 778 953 7805	

Top dance kz	Би тобының артисттердің әніне би номерлерін даярлау	+7 778 995 5530	
Caspian news	БАҚ	+7-702-455-15-55	
Atyrau tv	БАҚ	+7 (7122) 95-68-28	
Махамбет атындағы Атырау облыстық академиялық драма театры	Режиссерлық көмек және актерлық дәрістер	+7 708 595 3694	

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)

--	--	--

Есеп беттерінің жалпы саны: 25

Бірлестік төрағасы /  / Зиядов Н.

График түзуші: "Key Transform" қоғамдық бірлестігі
Басшының лауазымы, Т.А.Ә.

